




Хаттама

Хаттама – жиналыстың, кеңес пен мәжілістің өту барысын, қаралатын, талқыланатын мәселелер мен алқалық органдар қабылдайтын шешімдерді тіркейтін ресми іс қағазының бір түбі. Жиналыстың, мәжілістің, отырыстың өту барысын тіркейтін хаттама белгілі стандартты қалып бойынша жазылады.



Жазылу тәссіліне қарай хаттамалар стенографиялық, фонографиялық, конспекті түрінде болуы мүмкін. Жазылу көлеміне қарай хаттама толық және қысқа болып бөлінеді




Хаттамада болған жері,
уақыты, қатысушылардың
саны, сөйлеушілердің сөзі,
қаралған мәселелер
бойынша қабылданған
шішімдер жиналыстың
барысы бойынша ретімен
жазылады.



Хаттамаландырылатын жиналыс түрлері:

- Жиналыс
- Жиын
- Электронды мәжіліс
- Кеңес
- Отырыс
- Келіссөз
- Конференция



Хаттаманың деректемелерін



Мекемен атауы

Алқалық орган жиналысының атауы

Мәжілістің Өткен:

- Күні
- Айы
- Жылы

Құжат атауы (хаттама)

Хаттаманың нөмірі

Қаланың атауы

Хаттаманың мәтіні:


- Кіріспе бөлігі
- Негізгі бөлігі
- Өкімдік бөлігі

Төрағаның жеке қолы

Хатшының жеке қолы

МӨР


Көлемі бойынша хаттаманың түрлері:



Толтырудың тәсілі бойынша хаттаманың түрлері:



ҚЫСҚАША ХАТТАМАНЫҢ НЫСАНЫ



(Кәсіпорынның, мекеменің атауы)

Бас директордың қатысуымен өткен өндірістік мәжіліс

ХАТТАМАСЫ

(күні.айы.жылы) № (номер)

(қала) қаласы

Төраға аты-жөні

(аты-жөні)

Хатшы аты-жөні

(аты-жөні)

Қатысқандар:

(лауазымы) (аты-жөні)

Қаралған мәселелер:

1. (мәселелер).....

2. (мәселелер).....

Қабылданған шешімдер:

1. (шешімдер).....

2. (шешімдер).....

Төраға

(аты-жөні)

Хатшы

(аты-жөні)

№ (номер) іске

Орындаушының қолы

(күні.айы.жылы)

ТОЛЫҚ ХАТТАМАНЫҢ НЫСАНЫ



(Кәсіпорынның, мекеменің атауы)

Еңбек ұжымы жиналысының

ХАТТАМАСЫ

(күні.айы.жылы) № (номер)

(қала) қаласы

Төраға

(аты-жөні)

Хатшы

(аты-жөні)

Қатысқандар:

(лауазымы) (аты-жөні)

Шақырылғандар:

(лауазымы) (аты-жөні)

Күн тәртібінде:

1. (мазмұны)

2. (мазмұны)

Тыңдалды:

(лауазымы) (аты-жөні)

(сөзінің қысқаша мазмұны)

(мазмұны)

Сөз алғандар:

(лауазымы) (аты-жөні)

(сөзінің қысқаша мазмұны)

(мазмұны)

Қаулы қабылданды:

1.1. (мазмұны)

1.2. (мазмұны)

Тыңдалды: (2-тармақ 1-тармақ сияқты толтырылады)

Төраға

(аты-жөні)

Хатшы

(аты-жөні)

№ (номер)іске

Орындаушының қолы

(күні.айы.жылы)

**Қосымша желілік орындары бар
«Біржолғы талон беру есебінің жүйесі» бағдарламасына
қызмет көрсетуді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу
ХАТТАМАСЫ**

№ 01

Ақтөбе қаласы

«27» маусым 2010г.

«Ақтөбе қаласының біржолғы талондар беру жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай-батыр даңғ.10 уйі, қосымша желілік орындары бар «Біржолғы талон беру есебінің жүйесі» бағдарламасына қызмет көрсетуді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізді.

- Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға негіз Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III Заңының 32-бабының 1-тармағы және 2011 жылғы 10 маусымдағы №15-Ө Бөлім бұйрығы, сәйкестендіру, стандарттау және бар қызметтермен қоса атқаруды қамтамасыз ету.
- «Біржолғы талон беру есебінің жүйесі» бағдарламасы «Ақтөбе қалалық қаржы бөлімі» ММ 2011 жылғы 29 сәуір айындағы № К-130 бұйрық шешімімен бөлім балансына берілді. Қосымша желілік орындары бар «Біржолғы талон беру есебінің жүйесі» бағдарламасы «1С: Предприятие версия 7.7. Фирма "1С"» негізінде жасалған, негізгі және қосымша желілік орындарын қоса алғанда 3 компьютерге, соны ішінде 1 компьютерге бағдарлама базасы орнатылған. 1 компьютерде бір жолғы талондардың кірісі, 2 компьютерде шығысы жүргізіледі.
- Өлуетті жеткізуші Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III Заңының 8-бабында қаралған біліктілік талаптарына сәйкес келеді.
- Өлуетті жеткізуші Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы 25-үйде орналасқан «Алекс-компани» ЖШС. «Біржолғы талон беру есебінің жүйесі» бағдарламасына қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу шартының сомасы 240 000 (Екі жүз қырық мың) теңге.

Тапсырыс беруші

Г.Қ.Бисекешева

